ResearchGate Google Scholar WORLD of JOURNALS

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ БИБЛИОТЕКА eLIBRARY.RU doi CYBERLENINKA Scientific Journal Impact Factor ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 2

28 ФЕВРАЛЯ 2026

Астана, Казахстан

lrc-els.com

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

28 февраля 2026 г.
Астана, Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.18956786
УДК 372.853

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

РАХЫМБЕКОВ АЙТБАЙ ЖАПАРОВИЧ
ф-м.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор, ғылыми жетеші

ТОХТАМОВА МАЛИКА АДЫЛЖАНОВНА, НАДЫРХАН АДИЛЯ РАФАЭЛҚЫЗЫ, СЕЙТХАН АРУЖАН ҚАЙРАТҚЫЗЫ
І.Жансүгүров атындағы Жетісу университетінің физика-математика факультетінің студенттері, Талдықорған, Қазақстан

Аңдатпа: *Мақалада физика есептерін шешу әдістемесі олардың көптеген шарттарымен, мазмұнына және оқушылардың дайындығына, олардың алдына қойылған мақсаттарына байланысты болады. Мақалада соған қарамастан, оларды шешу кезінде ескеру керек болатын, көптеген есептер үшін ортақ бірқатар ережелер бары айқындалынған.*

Сонымен қатар,есептерді табысты шешудің басты шарты оқушылардың физика заңдылықтарын білуі, физикалық шамаларды, сондай-ақ оларды өлшеу тәсілдері мен бірліктерін дұрыс түсінуі екені дәлелденген.

Кілт сөздер: *теория, тәсілдер, заңдылықтар, тәжірибе, формула, процесс, шешім, шамалар.*

Кіріспе

Физика курсында есептерді шығаруды оқыту айрықша маңызды орын алады және оқу уақытының едәуір бөлігі осы бағытқа арналады. Себебі физика – тек теориялық қағидалар жиынтығы ғана емес, табиғат құбылыстарын түсіндіретін, оларды сандық тұрғыдан сипаттайтын ғылым. Сондықтан есептерді шығару мен талдау арқылы оқушылар негізгі заңдар мен формулаларды механикалық түрде жаттап қана қоймай, олардың мәнін терең түсінеді, қолданылу шекарасын ажыратады және нақты жағдайларда пайдалана білуге дағдыланады [1].

Физикалық есептер танымдық әрі тәжірибелік мәнге ие. Олар материалдық әлемнің ортақ заңдарын күнделікті өмірдегі және өндірістегі нақты мәселелерді шешуде қолдануға үйретеді. Есеп шығару барысында оқушы құбылысты талдайды, шартын түсінеді, шамалар арасындағы байланыстарды анықтайды, болжам жасайды және қорытынды шығарады. Мұның барлығы логикалық ойлауды, ғылыми пайымдауды және зерттеушілік қабілетті дамытады.

Есеп шығара білу қабілеті – бағдарламалық материалды терең меңгерудің басты көрсеткіштерінің бірі. Теориялық білім есеп арқылы бекітіледі, жүйеленеді және практикалық мазмұнға ие болады. Әсіресе күрделі есептер оқушының шығармашылық белсенділігін арттырып, стандартты емес жағдайларда шешім табуға үйретеді.

Әрбір физикалық есептің негізінде бір немесе бірнеше табиғаттың іргелі заңдары жатады және сол заңдардың нақты көрінісі қарастырылады. Сондықтан қандай да бір бөлім бойынша есеп шығаруға кіріспес бұрын, сол тақырыптың теориясын терең меңгеру қажет. Формулалардың шығу тегі мен физикалық мағынасын түсіну – дұрыс шешімнің кепілі. Теориялық білімі жеткіліксіз оқушы үшін тіпті қарапайым есептердің өзін талдау мен шығару қиындық туғызады.

Негізгі бөлім

Осылайша, физикада есеп шығару – білімді тексерудің ғана емес, оны қалыптастырудың, тереңдетудің және өмірде қолданудың тиімді құралы болып табылады[2].

1-ші есеп. Далада қар жауып тұр, ал бөлмеде жылы. Өкінішке орай, температураны өлшейтін термометр жоқ. Оның есесіне, дәлдігі өте жоғары вольтметр, дәл сондай дәлдіктегі амперметр және гальваникалық элементтің батареялары, өте көп жез сымдары мен физикадан анықтама құралдары бар. Осылардың көмегімен бөлмедегі ауа температурасын өлшеуге бола ма?

Шешуі:

Тізбектей батареялар мен сым орамдарын және амперметрді қосамыз, ал вольтметрді сым орамының кернеуін көрсететіндей етіп қосамыз. Приборлардың көрсетулерін жазамыз да, орамның бөлме температурасындағы кедергісін табамыз.

$$R=U/I \qquad (1)$$

Артынан даладан қар алып келіп, сым орамдарын қарға саламыз да, қардың еріп кетуін күтеміз. Сонда, сым орамдары қардың температурасын қабылдайды. Бұрынғы әдіспен қардың еріген 0 °C температурадағы Ro кедергісін табамыз. Артынан өткізгіш пен оның температурасының арасындағы байланысты пайдаланып, мынаны табамыз:

$$R_t = R_0(1 + at) \qquad (2)$$

Бөлмедегі ауа температурасын табамыз:

$$t = R_t - \frac{R_0}{R_0 a} \qquad (3)$$

a температуралық коэффициентін анықтамалық құралдан аламыз. Температурада ол *α=0,0043* K^{-1}.

Тексеру және бағалау кезеңі – есеп шығарудың ажырамас әрі аса жауапты бөлігі. Алынған жауапты жан-жақты саралап, оның дұрыстығына көз жеткізу қажет[3]. Ең алдымен оқушылардың назарын нәтижесінің шынайылығына аудару маңызды. Кей жағдайларда есепті шешу барысында оқушылар есеп шартына мүлде сәйкес келмейтін, тіпті өмірлік тәжірибеге қайшы келетін қорытындылар алуы мүмкін. Мұндай қателіктер көбінесе есептеу үдерісінде бастапқы шартпен байланыстың үзілуінен, физикалық мағынаны ескермеуден немесе аралық нәтижелерді бақыламаудан туындайды.

Сонымен қатар қате нәтиженің қисынсыздығы кейде оқушының назарынан тыс қалып қояды. Сондықтан мұғалім оқушыларды алынған шаманың ретін алдын ала шамалап тексеруге үйретуі тиіс. Шамалау әдісі (бағалау арқылы тексеру) нәтижені жылдам сараптауға мүмкіндік береді: санның өлшем бірлігі дұрыс па, шамасы шынайы ма, шектік мәндерден аспай ма деген сұрақтарға жауап беріледі. Жуықталған сандармен амалдар орындау ережелерін меңгеру, есептеулерді ықшамдау, кейбір күрделі амалдарды ойша орындауға ыңғайлы түрге келтіру де тексерудің тиімді тәсілдері болып табылады[4].

Қорытынды

Жауаптың дұрыстығын бағалауда оның физикалық мағынасына назар аудару ерекше маңызды. Нәтиже шындыққа сәйкес келе ме, заңдылықтарға қайшы емес пе, шамалардың өзара байланысы сақталған ба – осының бәрі логикалық талдаудан өткізілуі керек. Мұнда мөлшерлілік әдісін (өлшем бірліктерін талдау) қолдану да үлкен рөл атқарады: формуланың екі жағының өлшем бірліктері сәйкес келсе, есептің математикалық құрылымы дұрыс құрылғанын көрсетеді.

Сондай-ақ оқушылар есептің шешімін басқа тәсілмен шығарып көру арқылы өзін-өзі тексеруге дағдылануы қажет. Бір есепті бірнеше әдіспен шешіп, алынған нәтижелерді салыстыру – білімді тереңдетудің және қателерді анықтаудың тиімді жолы. Бұл тәсіл оқушының икемді ойлау қабілетін дамытып, бір ғана алгоритмге тәуелді болмауға үйретеді.Осылайша, тексеру және бағалау кезеңі – есеп шығарудың қорытындысы ғана емес, білім сапасын арттыратын, логикалық ойлауды қалыптастыратын және жауапкершілікті тәрбиелейтін маңызды дидактикалық құрал болып табылады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в СШ.М.: Просвещение, 1981.Гл. VI. С. 207-224.
2. Каменецкий С.Е., Орехов В.П. методика решения задач по физике в СШ. М.: Просвещение, 1987. Ч. I. С.5-45.
3. Физиканы оқыту методикасы. Түп нұсқасының редакциясын басқарғандар:В.П.Орехов, А.В.Усова. Алматы:Мектеп, 1978. 9-тарау. 116-128бб.
4. Ысқақов Б.М., Ағұлықов А.А., Шамбулов Н.Б. Физикадан есеп шығару мысалдары. Алмат: РАуан, 1987. 3- 10 бб.
5. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1998. 7-тарау. 59-69 бб.

https://doi.org/10.5281/zenodo.18956830

ОБ ОДНОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧЕ ДЛЯ ЛИНЕАРИЗОВАННОГО УРАВНЕНИЯ БЕННИ-ЛЮКА С НЕЛОКАЛЬНЫМ ИНТЕГРАЛЬНЫМ УСЛОВИЕМ

ШУКЮРОВА ГЮЛЬНАРА ДАДАШ гызы
Старший преподаватель кафедры «Высшей математики» Бакинского Государственного Университета, г.Баку, Азербайджан

Аннотация: *В работе рассмотрена краевая задача для линеаризованного уравнения Бенни-Люка с нелокальным интегральным условием. Для рассматриваемой задачи вводиться определение классического решения. Доказываются существование и единственность классического решения поставленной задачи.*

Ключевые слова: *краевая задача, линеаризованное уравнение Бенни-Люка*

Современные проблемы естествознания приводят к необходимости обобщения классических задач математической физики, а также к постановке качественно новых задач, к которым можно отнести нелокальные задачи для дифференциальных уравнений. Среди нелокальных задач большой интерес представляют задачи с интегральными условиями. Нелокальные интегральные условия описывают поведение решения во внутренних точках области в виде некоторого среднего. Такого рода интегральные условия встречаются при исследовании физических явлений в случае, когда граница области протекания процесса недоступна для непосредственных измерений. Примером могут служить задачи, возникающие при исследовании диффузии частиц в турбулентной плазме [1], процессов распространения тепла [2, 3], процесса влагопереноса в капиллярно-простых средах [4], а также при исследовании некоторых обратных задач математической физики.

Рассмотрим уравнение [5]

$$u_{tt}(x,t) - u_{xx}(x,t) + \alpha u_{xxxx}(x,t) - \beta u_{xxtt}(x,t) = f(x,t) \qquad (1)$$

в области $D_T = \{(x,t) : 0 \le x \le 1, 0 \le t \le T\}$ и поставим для него краевую задачу с нелокальными начальными условиями

$$u(x,0) + \delta u(x,T) = \varphi(x), \quad u_t(x,0) = \psi(x) \quad (0 \le x \le 1), \qquad (2)$$

граничным условием

$$u_x(0,t) = 0\ , u_x(1,t) = 0, u_{xxx}(0,t) = 0 \quad (0 \le t \le T) \qquad (3)$$

и нелокальным интегральным условием

$$\int_0^1 u(x,t)dx = 0 \quad (0 \le t \le T), \qquad (4)$$

где $\alpha > 0$, $\beta > 0$, $0 \le \delta < 1$, - фиксированные числа, $\varphi(x), \psi(x), f(x,t)$ -заданные функции, а $u(x,t)$ -искомая функция.

Определение. Под классическим решением задачи (1)-(4) понимаем функцию $u(x,t)$, непрерывную в замкнутой области D_T вместе со всеми своими производными, входящими в уравнение (1) и удовлетворяющую условиям (1)-(4) в обычном смысле.

Справедлива следующая

Справедлива следующая

Лемма 1. Пусть $\alpha > 0$, $\beta > 0$, $0 \le \delta < 1$,

$$\varphi(x) \in C[0,1]\ , \int_0^1 \varphi(x)dx = 0\ , \ \psi(x) \in C[0,1]\ , \ \int_0^1 \psi(x)dx = 0\ ,$$

$$f(x,t) \in C(D_T)\,,\ \int_0^1 f(x,t)dx = 0\ (0 \le t \le T)\,.$$

Тогда задача нахождения классического решения задачи (1)-(4) эквивалентна задаче определения функций $u(x,t)$, из (1)-(3),

$$u_x(1,t) = 0\ (0 \le t \le T). \tag{5}$$

Доказательство. Пусть $u(x,t)$ является классическим решением задачи (1)-(4). Интегрируем уравнение (1) от 0 до 1 по x, имеем:

$$\frac{d^2}{dt^2}\int_0^1 u(x,t)dx - (u_x(1,t) - u_x(0,t)) + \alpha(u_{xxx}(1,t) - u_{xxx}(0,t)) - \beta(u_{ttx}(1,t) - u_{ttx}(0,t)) =$$

$$= \int_0^1 f(x,t)dx\ (0 \le t \le T)\,. \tag{6}$$

Отсюда, с учётом $\int_0^1 f(x,t)dx = 0\ \ (0 \le t \le T)$ и (3) приходим к выполнению (5)

Теперь предположим, что $u(x,t)$ является решением задачи (1)- (3), (5).

Тогда из (6), с учетом (3), (5), имеем:

$$y''(t) = 0 \quad (0 \le t \le T)\,, \tag{11}$$

где

$$y(t) = \int_0^1 u(x,t)dx\ \ (0 \le t \le T)\,. \tag{12}$$

В силу (2) и $\int_0^1 \varphi(x)dx = 0$, $\int_0^1 \psi(x)dx = 0$, получаем:

$$y(0) + \delta y(T) = \int_0^1 (u(x,0) + \delta u(x,T))dx = \int_0^1 \varphi(x)dx = 0\,,$$

$$y'(0) = \int_0^1 u_t(x,0)dx = \int_0^1 \psi(x)dx = 0 \tag{13}$$

Из (11), с учетом (13) очевидно, что $y(t) \equiv 0\ \ (0 \le t \le T)$. Отсюда, в силу (12), легко приходим к выполнению (4). Лемма доказана.

Единственность решения задачи.

Теорема 1. Если $\alpha > 0$, $\beta > 0$, $0 \le \delta < 1$. *Тогда задача (1)-(3),(5) не может иметь более одного решения, т.е. если задача (1)-(3),(5) имеет решение, то оно единственно.*

Доказательство. Допустим, что существуют два решения рассматриваемой задачи:

$$u_1(x,t)\ \ ,\ u_2(x,t)$$

и рассмотрим разность $v(x,t) = u_1(x,t) - u_2(x,t)$.

Функция $v(x,t)$, очевидно, что удовлетворяет однородному уравнению

$$v_{tt}(x,t) - v_{xx}(x,t) + \alpha v_{xxxx}(x,t) - \beta v_{xxtt}(x,t) = 0 \tag{14}$$

и условиям:

$$v_x(0,t) = 0,\ v_x(1,t) = 0\ \ , v_{xxx}(0,t) = 0,\ v_{xxx}(1,t) = 0 \quad (0 \le t \le T)\,, \tag{16}$$

$$v(x,0) + \delta v(x,T) = 0,\ \ v_t(x,0) = 0\ \ (0 \le x \le 1), \tag{17}$$

Докажем, что функция $v(x,t)$ тождественно равна нулю.

Умножим обе части уравнения (14) на функцию $2v_t(x,t)$ и проинтегрируем полученное равенство по x от 0 до 1 :

$$2\int_0^1 v_{tt}(x,t)v_t(x,t)dx - 2\int_0^1 v_{xx}(x,t)v_t(x,t)dx +$$

$$+2\alpha\int_0^1 v_{xxxx}(x,t)v_t(x,t)dx - 2\beta\int_0^1 v_{ttxx}(x,t)v_t(x,t)dx = 0 \ (0 \le t \le T) . \quad (18)$$

Пользуясь граничными условиями (16) имеем:

$$2\int_0^1 v_{tt}(x,t)v_t(x,t)dx = \frac{d}{dt}\int_0^1 v_t^2(x,t)dx \ (0 \le t \le T);$$

$$2\int_0^1 v_{ttxx}(x,t)v_t(x,t)dx = 2(v_{ttx}(1,t)v_t(1,t) - v_{ttx}(0,t)v_t(0,t)) -$$

$$-2\int_0^1 v_{ttx}(x,t)v_{tx}(x,t)dx = -\frac{d}{dt}\int_0^1 v_{tx}^2(x,t)dx \ (0 \le t \le T);$$

$$2\int_0^1 v_{xx}(x,t)v_t(x,t)dx = 2(v_x(1,t)v_t(1,t) - v_x(0,t)v_t(0,t)) -$$

$$-2\int_0^1 v_x(x,t)v_{tx}(x,t)dx = -\frac{d}{dt}\int_0^1 v_x^2(x,t)dx \ (0 \le t \le T);$$

$$2\int_0^1 v_{xxxx}(x,t)v_t(x,t)dx = 2(v_{xxx}(1,t)v_t(1,t) - v_{xxx}(0,t)v_t(0,t)) -$$

$$-2\int_0^1 v_{xxx}(x,t)v_{tx}(x,t)dx = -2\int_0^1 v_{xxx}(x,t)v_{tx}(x,t)dx =$$

$$= -2(v_{xx}(1,t)v_{tx}(1,t) - v_{xxx}(0,t)v_{tx}(0,t)) + 2\int_0^1 v_{xx}(x,t)v_{txx}(x,t)dx = \frac{d}{dt}\int_0^1 v_{xx}^2(x,t)dx.$$

Тогда, из (18) имеем:

$$\frac{d}{dt}\int_0^1 v_t^2(x,t)dx + \frac{d}{dt}\int_0^1 v_x^2(x,t)dx + \alpha\frac{d}{dt}\int_0^1 v_{xx}^2(x,t)dx + \beta\frac{d}{dt}\int_0^1 v_{tx}^2(x,t)dx = 0$$

или

$$y(t) \equiv \int_0^1 v_t^2(x,t)dx + \int_0^1 v_x^2(x,t)dx + \alpha\int_0^1 v_{xx}^2(x,t)dx + \beta\int_0^1 v_{tx}^2(x,t)dx = C \ge 0.$$

Отсюда, с учетом (17), получаем:

$$y(0) - (\delta_1^2 + \delta_2^2)y(T) = \int_0^1 (v_t^2(x,0) - \delta^2 v_t^2(x,T))dx + \int_0^1 (v_x^2(x,0) - \delta^2 v_x^2(x,T))dx +$$

$$+\alpha\int_0^1 (v_{xx}^2(x,0) - \delta^2 v_{xx}^2(x,T))dx + \beta\int_0^1 (v_{tx}^2(x,0) - \delta^2 v_{tx}^2(x,T))dx =$$

$$= -\delta^2\int_0^1 v_t^2(x,T))dx - \delta^2\beta\int_0^1 v_{tx}^2(x,T))dx \le 0 .$$

Таким образом:

$$y(0) - \delta^2 y(T)) = C(1-\delta^2) \le 0.$$

Так как $0 \le \delta < 1$, то $C = 0$. Следовательно,

$$\int_0^1 v_t^2(x,t)dx + \int_0^1 v_x^2(x,t)dx + \alpha\int_0^1 v_{xx}^2(x,t)dx + \beta\int_0^1 v_{tx}^2(x,t)dx \equiv 0$$

Отсюда, заключаем, что

$$v_t(x,t) \equiv 0, v_x(x,t) \equiv 0, v_{xx}(x,t) \equiv 0, v_{tx}(x,t) \equiv 0.$$

Откуда, следует тождество

$v(x,t) = const = C_0$.

Пользуясь нелокальным условиям (17), имеем:

$$v(x,0) + \delta v(x,T) = C_0(1+\delta) = 0 .$$

Следовательно, $C_0 = 0$, ибо $\delta \ge 0$.Тем самым доказано, что

$v(x,t) \equiv 0$.

Таким образом, если существуют два решения $u_1(x,t)$ и $u_2(x,t)$ задачи (1)-(3),(5), то $u_1(x,t) \equiv u_2(x,t)$. Отсюда следует, что если решение задачи (1)-(3),(5) существует, то оно единственное. Теорема доказана.

С помощью леммы 1, из последней теоремы немедленно вытекает единственность исходной задачи (1)-(5).

Теорема 2. Пусть выполняются условия теоремы 1 и $\alpha > 0$, $\beta > 0$, $0 \le \delta < 1$,

$$\varphi(x) \in C[0,1], \int_0^1 \varphi(x)dx = 0, \ \psi(x) \in C[0,1], \int_0^1 \psi(x)dx = 0,$$

$$f(x,t) \in C(D_T), \ \int_0^1 f(x,t)dx = 0 \ (0 \le t \le T).$$

Тогда задача (1)-(4) не может иметь более одного классического решения.

Разрешимость краевой задачи

Классическое решение задачи (1)-(3), (5) будем искать в виде

$$u(x,t) = \sum_{k=0}^{\infty} u_k(t)\cos\lambda_k x, \tag{19}$$

где

$$u_k(t) = m_k \int_0^1 u(x,t)\cos\lambda_k x dx \ \ (k = 0,1,2,...),$$

причём

$$m_k = \begin{cases} 1, & k = 0, \\ 2, & k = 1,2,.... \end{cases}$$

Применяя формальный метод Фурье, из (1), (2) получаем:

$$u_0''(t) = f_0(t) \quad (0 \le t \le T), \tag{20}$$

$$u_k''(t) + \beta_k^2 u_k(t) = \frac{1}{1+\beta\lambda_k^2} f_k(t) \quad (0 \le t \le T, k = 1,2,...), \tag{21}$$

$$u_k(0) + \delta u_k(T) = \varphi_k, \ \ u_k'(0) = \psi_k \quad (k = 0,1,2,...), \tag{22}$$

где

$$\beta_k^2 = \frac{\lambda_k^2(1+\alpha\lambda_k^2)}{1+\beta\lambda_k^2}, \ f_k(t) = m_k \int_0^1 f(x,t)\cos\lambda_k x dx \ \ (k = 0,1,2,...),$$

$$\varphi_k = m_k \int_0^1 \varphi(x)\cos\lambda_k x dx, \ \psi_k = m_k \int_0^1 \psi(x)\cos\lambda_k x dx, \ \ (k = 0,1,2,...)$$

Решая задачу (13)-(16) находим:

$$u_0(t)=\frac{1}{1+\delta}\varphi_0+\frac{t-\delta(T-t)}{1+\delta}\psi_0-\frac{\delta}{1+\delta}\int_0^T(T-\tau)F_0(\tau;u,a)d\tau+\int_0^t(t-\tau)F_0(\tau;u,a)d\tau, \tag{23}$$

$$u_k(t)=\frac{\cos\beta_k t}{1+\delta\cos\beta_k T}\varphi_k+\frac{\sin\beta_k t-\delta\sin\beta_k(T-t)}{\beta_k(1+\delta\cos\beta_k T)}\psi_k-$$
$$-\frac{\delta\cos\beta_k t}{\beta_k(1+\delta\cos\beta_k T)(1+\beta\lambda_k^2)}\int_0^T F_k(\tau;u,a)\sin\beta_k(T-\tau)d\tau+$$
$$+\frac{1}{\beta_k(1+\beta\lambda_k^2)}\int_0^t F_k(\tau;u,a)\sin\beta_k(t-\tau)d\tau. \tag{24}$$

Теорема3. Пусть
1. $\alpha>0$, $\beta>0$, $0\le\delta<1$,
2. $\varphi(x)\in C^4[0,1],\varphi^{(5)}(x)\in L_2(0,1)$, $\varphi'(0)=\varphi'(1),=\varphi'''(0)=\varphi'''(1),=0.$
3. $\psi(x)\in C^3[0,1],\psi^{(4)}(x)\in L_2(0,1)$, $\psi'(0)=\psi'(1)=\psi'''(0)=\psi'''(1)=0.$
4. $f(x,t),f_x(x,t)\in C(D_T),f_{xx}(x,t)\in L_2(D_T)$, $f_x(0,t)=f_x(1,t)=0$ $(0\le t\le T)$.

Тогда функция

$$u(x,t)=\frac{1}{1+\delta}\varphi_0+\frac{t-\delta(T-t)}{1+\delta}\psi_0-\frac{\delta}{1+\delta}\int_0^T(T-\tau)F_0(\tau;u,a)d\tau+\int_0^t(t-\tau)F_0(\tau;u,a)d\tau+$$
$$+\sum_{k=1}^{\infty}\left\{\frac{\cos\beta_k t}{1+\delta\cos\beta_k T}\varphi_k+\frac{\sin\beta_k t-\delta\sin\beta_k(T-t)}{\beta_k(1+\delta\cos\beta_k T)}\psi_k-\right.$$
$$-\frac{\delta\cos\beta_k t}{\beta_k(1+\delta\cos\beta_k T)(1+\beta\lambda_k^2)}\int_0^T f_k(\tau)\sin\beta_k(T-\tau)d\tau+$$
$$\left.+\frac{1}{\beta_k(1+\beta\lambda_k^2)}\int_0^t f_k(\tau)\sin\beta_k(t-\tau)d\tau\right\}\sin\lambda_k x. \tag{25}$$

является решением задачи (1)-(3), (5).
Нетрудно видить, что

$$1+\beta\lambda_k^2>\beta\lambda_k^2,\quad \frac{1}{1+\beta\lambda_k^2}<\frac{1}{\beta\lambda_k^2},$$
$$\sqrt{\frac{\alpha}{1+\beta}}\lambda_k\le\beta_k\le\sqrt{\frac{1+\alpha}{\beta}}\lambda_k,\ \sqrt{\frac{\beta}{1+\alpha}}\frac{1}{\lambda_k}\le\frac{1}{\beta_k}\le\sqrt{\frac{1+\beta}{\alpha}}\frac{1}{\lambda_k},$$

Учитывая эти соотношение находим:

$$\|u_0(t)\|_{C[0,T]}\le\frac{1}{1+\delta}|\varphi_0|+T|\psi_0|+\left(\frac{1}{1+\delta}+1\right)T\sqrt{T}\left(\int_0^T|f_0(\tau)|^2d\tau\right)^{\frac12},$$

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5\|\tilde{u}_{2k-1}(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac12}\le\frac{2}{1-\delta}\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5|\varphi_{2k-1}|)^2\right)^{\frac12}+\frac{2(1+\delta)}{1-\delta}\sqrt{\frac{1+\beta}{\alpha}}\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^4|\psi_{2k-1}|)^2\right)+$$
$$+\frac{2}{\beta(1-\delta)}\sqrt{\frac{1+\beta}{\alpha}}\sqrt{T}\left(\int_0^T\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^2|f_{2k-1}(\tau)|)^2d\tau\right)^{\frac12}$$

или

$$\|u_0(t)\|_{C[0,T]}\le\|\varphi(x)\|_{L_2(0,1)}+T\|\psi(x)\|_{L_2(0,1)}+2T\sqrt{T}\|f(x,t)\|_{L_2(D_T)}, \tag{26}$$

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5\|u_k(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac{1}{2}} \le \frac{2}{1-\delta}\left\|\varphi^{(5)}(x)\right\|_{L_2(0,1)} + \frac{2(1+\delta)}{1-\delta}\sqrt{\frac{1+\beta}{\alpha}}\left\|\psi^{(4)}(x)\right\|_{L_2(0,1)} +$$

$$+\frac{2}{\beta(1-\delta)}\sqrt{\frac{1+\beta}{\alpha}}\sqrt{T}\left\|f_{xx}(x,t)\right\|_{L_2(D_T)}, \qquad (27)$$

Очевидно, что

$$|u(x,t)| \le \|u_0(t)\|_{C[0,T]} + \left(\sum_{k=1}^{\infty}\frac{1}{\lambda_k^2}\right)^{\frac{1}{2}}\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5\|u_k(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac{1}{2}}, \qquad (28)$$

$$|u_{xxxx}(x,t)| \le \left(\sum_{k=1}^{\infty}\frac{1}{\lambda_k^2}\right)^{\frac{1}{2}}\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5\|u_k(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac{1}{2}}. \quad (297)$$

Из (21) нетрудно видеть, что

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^3\|u_k''(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac{1}{2}} \le \frac{\sqrt{2}(1+\alpha)}{\beta}\left(\sum_{k=1}^{\infty}(\lambda_k^5\|u_k(t)\|_{C[0,T]})^2\right)^{\frac{1}{2}} + \frac{\sqrt{2}}{\beta}\left\|\|f_x(x,t)\|_{C[0,T]}\right\|_{L_2(0,1)}. \quad (30)$$

Из (28)-(30), с учетом (26),(27), следует, что функции $u(x,t), u_t(x,t)$, $u_{tt}(x,t)$, $u_{xxxx}(x,t), u_{ttxx}(x,t)$ непрерывны в D_T. Непосредственной проверкой легко видеть, что функция $u(x,t)$ удовлетворяет уравнению (1) и условиям (2), (3) ,(5) в обычном смысле. Теорема доказана.

С помощью леммы 1 доказывается следующая

Теорема 4. Пусть выполняются все условия теоремы 3 и

$$\int_0^1 \varphi(x)dx = 0, \quad \int_0^1 \psi(x)dx = 0, \quad \int_0^1 f(x,t)dx = 0 \ (0 \le t \le T).$$

Тогда функция определения формулами (15) является классическим решением задачи (1)- (5).

ЛИТЕРАТУРА

1. Самарский, А.А. О некоторых проблемах теории дифференциальных уравнений // Диф. уравнения. – 1980. – Т. 16, № 11. – P. 1925–1935.
2. Cannon, J.R. The solution of the heat equation subject to the specification of energy / // Quart. Appl. Math.. – 1963. – Vol. 5, № 21. – P. 155–160.
3. Ионкин, Н.И. Решение одной краевой задачи теории теплопроводности с неклассическим краевым условием // Диф. уравнения. – 1977. – Т. 13, № 2. – P. 294–304.
4. Нахушев, А.М. Об одном приближенном методе решения краевых задач для дифференциальных уравнений и его приближения к динамике померенной влаги и грунтовых вод .Диф. уравнения. – 1982. – Т. 18, № 1. – С. 72–81.
5. Benney D.J., Luke J.C. On the interactions of permanent waves of finite amplitude // Journal of Mathematical Physics. 1964. Vol. 43. P. 309–313.

https://doi.org/10.5281/zenodo.18956860
ӘОЖ 517.38

ИНТЕГРАЛ ҰҒЫМЫН ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН АНЫҚТАУ

АМАНДОСОВ ЕРБОЛ АСҚАРҰЛЫ, ИМАНҒАЛИЕВ ДУМАН ГИМАЛАЙҰЛЫ, БЕРКІНҚЫЗЫ АҚТОРҒЫН
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «7М01503 – Математика. Білім беру үрдісін басқару» мамандығының магистранттары
Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы

САЙДОЛҚЫЗЫ ЖҰМАГҮЛ
Магистр, аға оқытушы. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы

КЕНЖЕГУЛОВ БЕКЕТ
Техника ғылымдарының докторы, профессор. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы

Аңдатпа: *Орта мектеп оқушылары үшін интеграл тақырыбын өткен кезде, функцияның туындысы деген ұғымды алдымен білім алушыларға қолданбалы есептер арқылы түсіндіріп, яғни ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы мысал-есептерді келтірген дұрыс. Осы түсініктен кейін, берілген функцияның туындысына кері амал немесе жаңа операцияны интегралдау деп анықтамасын берген жөн. Бұл жерде мұғалім функцияның берілген туындысы бойынша оның алғашқы функциясы деп аталатын ұғымды түсіндіріп, ізделініп отырған функцияны тек интегралдау операциясының көмегімен шешілетіндігін түсіндіруі керек. Мақалада алғашқы функция, анықталмаған интеграл, анықталған интеграл және олардың табиғаттағы қолданбалы есептерді шешуге мүмкіндіктері бар екендігі көрсетіледі. Қазіргі оқу процесі аясында күрделі есептерді шешу мәселесіне терең талдау жасалып оның шығару жолдарын айтарлықтай жеңілдететін мысалдар келтірілді. Шыққан есептерге талдау жасалып, оқушылардың математикалық дағдыларын қалыптастырудағы және аналитикалық ойлауын дамытуға әсер ететін күрделі есептерді шығару жолдары ұсынылды. Білім алушыларға интеграл тақырыбы арқылы жаратылыстану бағытындағы, табиғаттағы құбылыстарды шешу жолы – интеграл ұғымын оқытудағы сабақтастықтың қазіргі заманғы тенденциялары екендігін түсіндіру ұсынылды [1-2].*

Кілт сөздер: *интеграл, алғашқы функция, туынды, қолданбалы есептер, ғылым, техника*

Кіріспе. Интеграл ұғымы – ғасырлар бойы ғылымның, техниканың және практикалық қосымшалардың дамуына елеулі үлес қосқан математиканың іргелі, әрі қызықты бөлімдерінің бірі. Кейде білім алушыларға интеграл ұғымы күрделі және түсініксіз болып көрінуі де мүмкін. Алайда, мақаланың мақсаты – күрделі материалды айқындықпен, қол жетімділікпен түсіндіру, яғни әр білім алушыға түсінікті ету.

Зерттеу нәтижесі. Мақалада интегралды қолдану арқылы жаратылыстану ғылымдарына қатысты және экономикалық есептер қарастырылып, шығару жолдары талданды.

Алгебра мен геометриядағы есептерді шешуде интегралдарды қолдану [3].



Есеп-1. Берілгені: Келесі қарастыратын есебіміз $y = x^2 - 4x + 5$ және $y = x + 1$ сызықтармен шектелген фигураның ауданын табу.

Шығарыруы: Анықталған интеграл арқылы есептеу үшін біз бірнеше маңызды қадамды орындауымыз керек. Алдымен қиылысу нүктелерін табу шарт, яғни интегралдау шектерін (төменгі a және жоғарғы b мәндерін) анықтау үшін екі функцияны бір-біріне теңестіреміз:

$$x^2 - 4x + 5 = x + 1$$

Теңдеуді нөлге келтіреміз:

$$x^2 - 5x + 4 = 0$$

Виет теоремасы немесе дискриминант арқылы түбірлерін табамыз:

$x_1 = 1; x_2 = 4$

Демек, біздің фигура x=1 және x=4 аралығында орналасқан. Қай сызықтың жоғарыда, қайсысының төменде орналасқанын анықтау маңызды. Ол үшін [1; 4] аралығынан кез келген нүктені (мысалы, x=2) алып, функцияларға қойып көреміз: Түзу үшін: y = 2 + 1 = 3, парабола үшін: $y = 2^2 - 4(2) + 5 = 4 - 8 + 5 = 1$. Бұл аралықта түзу y = x + 1 параболадан жоғары орналасқан.

Екі қисықпен шектелген фигураның ауданы жоғарғы функциядан төменгі функцияны азайтып, интегралдау арқылы табылады:

$$S = \int_a^b \left(f_1(x) - f_2(x)\right) dx$$

Біздің жағдайда:

$$S = \int_1^4 \left((x + 1) - (x^2 - 4x + 5)\right) dx$$

$$S = \int_1^4 (-x^2 + 5x - 4)\, dx$$

Енді ингралдың мәнін есептеу үшін алғашқы функцияны тауып, Ньютон-Лейбниц формуласын қолданамыз:

$$S = \left[-\frac{x^3}{3} + \frac{5x^2}{2} - 4x\right]_1^4$$

Жоғарғы шекті, x=4 қоямыз:

$$F(4) = -\frac{64}{3} + \frac{5 \cdot 16}{2} - 4 \cdot 4 = -\frac{64}{3} + 40 - 16 = -\frac{64}{3} + 24 = \frac{-64 + 72}{3} = \frac{8}{3}$$

Төменгі шекті, x=1 қоямыз:

$$F(1) = -\frac{1}{3} + \frac{5}{2} - 4 = \frac{-2 + 15 - 24}{6} = -\frac{11}{6}$$

Айырмасын есептейміз:

$$S = \frac{8}{3} - \left(-\frac{11}{6}\right) = \frac{16}{6} + \frac{11}{6} = \frac{27}{6} = 4.5$$

Жауабы: Фигураның ауданы 4.5 квадрат бірлікке тең.

Есеп-2. Берілгені: $sin20° < \frac{7}{20}$ теңсіздігін дәлелдеу есебін қарастырайық.

Шығарылуы: Бұл теңсіздікті дәлелдеу үшін біз $y = cos\,x$ функциясының графигін және оның $\left[0, \frac{\pi}{9}\right]$ аралығындағы қисықтың ауданын қарастырамыз. Ньютон-Лейбниц формуласы бойынша кез келген a бұрышы үшін келесі теңдік орындалады:



$$\int_0^a \cos x\ dx = \sin x\Big|_0^a = \sin a - \sin 0 = \sin a$$

Біздің жағдайда $a = 20° = \frac{\pi}{9}$ радиан. Демек, $\sin 20°$ мәні — $y = \cos x$ функциясының 0 мен $\frac{\pi}{9}$ аралығындағы графигімен шектелген фигураның ауданына тең.

$y = \cos x$ функциясы $\left[0, \frac{\pi}{9}\right]$ аралығында келесі сипатқа ие: $x = 0$ болғанда, функция ең үлкен мәніне ие: $\cos(0) = 1$. Аралық өскен сайын (x > 0), функция мәні кеми бастайды ($\cos x < 1$).

Интегралдың монотондылық қасиеті бойынша, егер [a, b] аралығында f(x) < g(x) болса, онда олардың интегралдары да сәйкес теңсіздікті қанағаттандырады. Графиктен көріп тұрғанымыздай, $\left(0, \frac{\pi}{9}\right]$ аралығында әрқашан $\cos x < 1$ орындалады. Олай болса, осы функциялардың интегралдарын салыстырамыз:

$$\int_0^{\frac{\pi}{9}} \cos x\ dx < \int_0^{\frac{\pi}{9}} 1\ dx$$

Сол жақ бөлік бізге $\sin 20°$ береді(S_{OACD}), ал оң жақ бөлік қабырғалары 1 және $\frac{\pi}{9}$ болатын тіктөртбұрыштың (S_{OABD}) ауданын береді:

$$\sin 20° < x\Big|_0^{\frac{\pi}{9}}$$

$$\sin 20° < \frac{\pi}{9}$$

Осылайша, интеграл астындағы ауданды (қисық трапеция) оны сырттай сызылған тіктөртбұрыш ауданымен салыстыру арқылы біз мына тізбекті аламыз:

$$\sin 20° < S_{OABD} = \frac{\pi}{9} < \frac{7}{20}$$

Дәлелдеу керегі осы еді.

Есеп-3. Берілгені: $y = \sqrt{x}$, y = 0 (Ox осі) және x = 3 сызықтармен шектелген фигураны айналдыру арқылы пайда болған дененің көлемін табу қажет. Шығарылуы: Бұл есепті шығару үшін біз анықталған интегралдың көмегімен айналу денесінің көлемін табу формуласын қолданамыз. Алдымен, берілген сызықтар қандай фигураны шектеп тұрғанын көру үшін кескінін саламыз.



$y = \sqrt{x}$ — бұл тармағы оң жаққа бағытталған параболаның жоғарғы бөлігі.

$y = 0$ — бұл Ox осі (төменгі шегі (шекара)).

$x = 3$ — бұл 3 нүктесі арқылы өтетін тік сызық (оң жақ шегі (шекара)).

Осы сызықтармен шектелген жазық фигура Ox осінің бойымен айналғанда, біз «кесе» тәрізді айналу денесін аламыз.

Айналу денесінің көлемін табу формуласын қарастырамыз. Егер қисық сызықты трапеция Ox осінен айналатын болса, оның көлемі келесі формуламен есептеледі:

$$V = \pi \int_a^b [f(x)]^2 dx$$

Мұндағы:
$f(x) = \sqrt{x}$ — біздің функциямыз.
$a = 0$ — интегралдаудың төменгі шегі (кескін x=0 нүктесінен басталады).
b = 3 — интегралдаудың жоғарғы шегі (есеп шарты бойынша x=3).
